

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2020)
Павлодар

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на учет, переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPYU00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области лингвистики, и языкознания

Подписной индекс – 76132

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., доктор *PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., доктор *PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *д.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/TUHT2719>

М. Қ. Жүнісова, Б. М. Айтбаева, А. Ж. Саяжанова

Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.

ӘҢГІМЕ ЖАНРЫ МӘТІНІНІҢ БАСТАПҚЫ ЖӘНЕ СОҢҒЫ СӨЙЛЕМДЕРІНДЕГІ БЕЙНЕЛЕУШІ ҚҰРАЛДАР

Мақалада әңгіме жанры мәтінінің бейнелі-мәнерлі құрылған бастапқы және соңғы сөйлемдердерінде қолданылған көріктеу амалдары өмір шындығынан алынатыны, адамның психологиялық ахуалын оқырманға бейнелі жеткізуде айрықша қызмет атқаратындығы қарастырылады. Көркем айшықтардың бастапқы және соңғы сөйлемдердегі стилистикалық, семантикалық қызметтері оқырман назарын бірден аударатындықтан, әңгіме семантикасын түсінуге бағдар бере алатын сипаты сараланған. Бастапқы және соңғы сөйлемдерде тіл көркемдігін арттыратын, автордың ойы мен сезімін нәзік иірімдермен жеткізетін бейнелеуші құрал ретінде эпитеттер мен кейіптеулер кеңінен қолданылатыны нақты мысалдар арқылы талданған.

Кілтті сөздер: бастапқы сөйлемдер, соңғы сөйлемдер, эпитет, кейіптеу, стилистика, семантика.

Кіріспе

«Задында, суреткер қолындағы сөз суретші қолындағы бояу секілді, иінін тауып мың құбылтуға болады. Құбылған сөз әсерлілік үстіне адам баласының танымын байытпақ; бір сөз бір-ақ нәрсені танытса, оны түрлендіре құбылту арқылы тіршіліктің сан алуан сырын тануға болады» [1, 231 б.]. «Көркем әдебиеттің қай жанрын, қай түрін болмасын көркемдеп-нәрлендіруде, идеялық мазмұнын ашуда, образ жасауда олардағы эпитет, теңеу және троп түрлері айрықша рөл, күрделі эстетикалық қызмет атқарады. Бұлар өмір құбылысын суреттеуді нақтыландырудың, оқушыға автор қалаған бағытта әсер етудің тамаша оралымды құралдарының бірі» [2, 117 б.]. Академик З. Қабдолов тілімен айтсақ, «заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз» [3, 219 б.].

Зерттеудің нысаны: әңгіме жанры мәтінінің бастапқы және соңғы сөйлемдері.

Зерттеудің пәні: бастапқы және соңғы сөйлемдердегі бейнелеуіш құралдар.

Мақсаты: Бастапқы және соңғы сөйлемдердегі ойды әсерлі жеткізудегі бейнелеуіш құралдардың сөйлем құрамына қатысын зерттеу.

Міндеттері:

– бейнелеуіш құралдар тіл байлығын, оралымдылығын көрсететін ерекшеліктерімен қоса, тілдің мәнерлілігіне, бейнелілігіне де қызмет ететін құрал.

– бейнелеуіш құралдар бастапқы және соңғы сөйлем мазмұны мен әсерлілігіне ерекше қызмет ететін лексикалық топтар.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Зерттеуші Г. Мұхаметқалиева: «Эпитет дегеніміз – кем дегенде екі сөздің тіркесуінен тұратын, бірінші сыңары (компоненті) коннотативті, екінші сыңары денотативті, өзара қабыса байланысқан, көркем, бейнелі, образды тілдік конструкция» [4, 7 б.], – деп сипаттайды.

Бастапқы және соңғы сөйлемдерде тіл көркемдігін арттыратын, автордың ойы мен сезімін нәзік иірімдермен жеткізетін бейнелеуші құрал ретінде эпитеттер кеңінен қолданылады. Филология ғылымында эпитетті әдебиетші, тілші ғалымдар әртүрлі бағыттарда зерттейді. Әдебиетшілер антикалық, классикалық, романтикалық, реалистік деп бөледі, ал тілшілер дәстүрлі, тұрақты, метафоралық деп қарастырады [5, 40 б.].

Өзіне оқырман назарын бірден аудартатын, автордың мақсатты ойының әсерлі жеткізілуіне қызмет ететін, қысқасы, сөйлемнің әр-ажарын, мазмұндық құнарлылығын арттыратын бұл көркем тәсіл – ең жиі әрі көбіне күрделі тұлғалы болып қолданылатын тілдік құрал:

1. Талай поезда тербеліп, талай машинада селкілдеумен майыспаған, сыдырылмаған жері қалмаған қоңыр чемоданын шкафтан шығара бастағанда-ақ Бегайдардан: – Папа, қашан келесің?, – деп сұрайды қызы Ақзия (Б.Аманшин. Базарлық). 2. Пәлен жылдай жүз көрісіп, қол соғыспаған ауылдастар қаланың дәл ортасында, дәл ортаңғы көшенің өзінде ойда жоқта кездесе кетті (Е.Қонарбаев. Сыңғырлақ). 3. Ол Алматыда іркес-тіркес тізіліп, линия аталып кете беретін көшелердің көп кезі (Ө. Ибрагимов. Нілдария). 4. Қарны жер сызған екі қызыл сумканы мықшия көтерген Дүйсен көшенің ой-шұңқырына қарамай дедек қағып келеді (Д. Әшімханұлы. Ағайындар).

Жүп-жүбымен үндесе, үйлесе жұмсалған күрделі эпитеттер (талай поезда тербеліп, талай машинада селкілдеумен майыспаған, сыдырылмаған жері қалмаған қоңыр чемодан) градациялық тәсілмен (сатылай үстемеленіп) қолданылса, екінші мысалдағы пәлен жылдай жүз көрісіп, қол соғыспаған (ауылдастар) эпитеті көптен көріспеген жерлестердің кездесуін бірыңғай мүшелі түрімен толымды жеткізсе; үшінші мысалдағы көшелердің түзілісі

түп-түзу, қолмен қойғандай емес, іркес-тіркес болып жағымсыз эпитетпен сипатталып тұр; одан кейінгі мысалдағы сумканың ауырлығын көрсететін ауыспалы мағынада жұмсалған эпитет (қарны жер сызған екі қызыл сумка) кейіпкердің іс-әрекетіне лайық алынған.

Бастапқы сөйлемдерде дәстүрлі эпитеттермен бірге, ғалым Р. Сыздық айтқандай, «орынсыз» орында тұрған, яғни синкреттік амалмен жасалған эпитеттер де ұшырасады. Бұл амал бойынша мағыналары бір-біріне жуыспайтын сөздер тіркестіріледі [6, 152 б.]. Мысалға көз салайық: «Естай Бекетов қонақ үйдегі бөлмесінің терезесінен көшеге көз тастап еді, еріншек ақ жауын әлі дамылдар ыңғай таныта қоймады» (Р. Сейсенбаев. Жалғыз ғана түн).

Белгілі бір стильдік қолданыстарда мағына жағынан бір-бірімен үйлеспейтін сөздердің сөйлемде поэтикалық образ жасауға қызмет ететіні белгілі. Мына мысалда да адам мінезіне сай қолданылатын еріншек сөзі жаңбырдың сылбыр, баяу сіркірей жауып тұрғанына байланысты алынған. Осы ретте қарағанда, синкреттік амалмен түзілген эпитеттердің автордың өзіндік «менін» танытатын, көркем мәтіннің поэтикалық сипатын күшейтетін қуатты сөз екені байқалады:

1. Қоныржай, жұмсақ көктемнің жазға ауысар уағыды. (К. Ахметбеков. Жасаулы жасыл дүние). 2. Көкбөрі шыыршық атып тағы тұра келді де, тереңде шым-шымдап жиналып, енді шапшып шығарға жол таппай кеудесін сыздатқан ақкөз ашумен сүңгі тұяғын көк тасқа салып жіберді. (К. Ахметбеков. Көкбөрі) 3. Өзіме таныс станцияның ыстық келбеті көзіме оттай басылды. (Ә. Нәбиев. Қоңыр қамзол).

Талдауға түсіп отырған эпитеттердің біріншісіндегі қоныржай, жұмсақтар көктемнің жазға ауысар, жанға жайлы, шуағы мол кезеңін бейнелеп қана қоймай, сонымен бірге, логикалық тұрғыдан қарасақ, семантикасы алдағы баяндалар оқиға мазмұнының да жағымды болатынына меңзеп тұр. Сөйлемнің оқыған бетте оқырман жүрегіне бір жылылық құйғандай әсер ететіні де сондықтан. Келесі мысалдағы синкреттік эпитеттер (ақкөз ашу, сүңгі тұяқ) аффект билеген жыртқыштың қалпын дәл бейнелесе, соңғы мысалдағы жансыз, қызусыз келбеттің (түр т.б.) ыстық болып сипатталуы да сөйлемнің көркемдік бояуын қалыңдатып, мазмұнын әсерлі етіп тұр.

Бастапқы сөйлемдерде эпитеттердің фразалық түрлері де ұшырасып отырады:

1 Гүлжаһан аспан айналып жерге түсер шілдеде биыл он бітірген он баланың ішіндегі сүт кенжесі Кенжегүлмен астанаға маңдай тіреді (Ә. Ақпанбет. Міне, қызық).

2 Үп еткен желі жоқ, түстік жақтың қапырық түні бір жұтым салқын самалға зар қылғандай (К. Жүністегі. Кездесу).

3 Меңіреу қалыпта, дел-сал болып мүлгіген, жым-жырт қараңғы түнді бетке алып, терең сайға түскен Ләйла қыздың жолында қара жамылған әлде бір бейне қараңдап, сусып барады (Р. Мұқанова. Мәңгілік бала бейне).

Берілген мысалдардағы фразеологиялық эпитеттер сөйлемге ерекше нәр беріп, экспрессиялық мәнін күшейтіп, оқырманды еріксіз өзіне тартады. Ал 3-мысал туралы жеке бірер сөз. Зерттеуші С. Шарабасов «Қазақ әңгімелерінің ашық және жабық үдемелі түрлері» атты мақаласында Р. Мұқанованың осы «Мәңгілік бала бейне» әңгімесін жабық (интенсивті) әңгіме түріне жатқызады. Және осы әңгіме туралы былай дейді: «...Ләйлә – атом құрбаны екен. Кембағал Ләйлә әлемдік сорақылықтың шлағбаумы іспеттес. Бантигі желбіреп, өзінің кемпір бетінен жиіркеніп, күректей қолымен атом саңырауқұлағын басып отырған секілді. Жүрекке жара, санаға у себеді. Ойлантады, толғантады. Жабық әңгіменің ашық сыры атом бомбасындай қуатты» [7, 48 б.].

Мысалдағы түннің қандайлығын көрсететін фразалық эпитет (меңіреу қалыпта, дел-сал болып мүлгіген, жым-жырт), бір жағынан, кейіптеу қызметін де атқарып тұр. Сондықтан түнге «жан» бітіп, ол адамша мүлгіп, дел-сал, меңіреу күйге еніп тұр. Осындай түнде терең сайға түскен Ләйла қыздың жолында қара жамылған әлде бір бейне қараңдап, сусиды. Автор тек эпитетінен ғана емес, жалпы сөйлемінің әрбір сөзінен терең сыр аңғартып отыр, сыншының әңгімені «бомбадай қуатты» деуі де сондықтан сияқты. Қараңғы түн, терең сай, мүгедек Ләйла, оның жолында қара жамылып, қараңдап сусып бара жатқан бейне – бәрі де астарлы.

Логикалық тұрғыдан шамаласак, мүгедек Ләйланың қараңғы түнді бетке алуы, сайға түсуі, жолында қара жамылған бейненің қараңдап жүруі – бәрі де, сөз жоқ, жаманшылықты (о дүниені, ажалды) меңзейтін ретте. Шынында да солай болады: әңгіме Ләйла қыздың өлімімен аяқталады.

«Сөз тіркестерінің тізбектеліп, ондағы сөздердің біріне-бірі сатылана байланысатыны» [8, 18 б.] сияқты, эпитеттердің де кейде осылай қолданылған орындары бар: Бұл да бір шамасына қарамай, «өйту керек, бүйту керек» деген сарында құшақ-құшақ шала шешімдер қабылдап та жібере салатын нөпір жиналыстардың бірі болатын (Е.Қонарбаев. Сонда мәселе не туралы болады).

Сонымен, жоғарыда айтылғандарды жалпылай жинақтағанда, өзге де көркем тәсілдерді тиімді қолданудың әр алуан жолдарын пайдаланатыны сияқты, қаламгерлердің бастапқы сөйлемдердегі эпитеттерді де бейнелі-мәнерлі жұмсауда оларды толық, кейде синкретті тіркесті, тұрақты тіркесті етіп немесе біріне-бірін сатылай да, жарыстыра да ұштастыратыны, арагідік дамыта да (градация түрінде де) түзетіні, сөйтіп олардың әсерлілік функцияларының сәтті атқарылуына ерекше назар аудартады.

Эпитеттердің соңғы сөйлемдегі қолданысы. Әңгіменің абсолют соңындағы сөйлемдерде жұмсалған эпитеттердің де өздері анықтайтын мән-жайға, құбылысқа келісті көрік беріп, оларды әсем кестелеп тұрған тұстары баршылық:

1 Коньягіннен әкелші, Алматыға ұшамын, жұмыс бар, – деп езуіне үйірілген түлкі күлкісін өзінше сездірмегендей болды (Р. Сейсенбаев. Бөтен).
2. Гу-гу кеңес басталды, сайын сахара зерделі ой тосады (Т. Әлімқұлов. Зерде).

Синкреттік амалмен жасалған эпитеттер сөйлемнің мағыналық-көркемдік шырайын келтіріп, оқырманға эмоционалды-экспрессивті әсер етеді. Бірінші мысалдағы авторлық соны эпитет түлкі кейіпкердің күлкісінің қандайлығын бейнелеумен бірге, оның жалпы жан дүниесі жалған, алдамшы, құбылмалы қу адам екенін аңғартатын әрі бейнелейтін сөзіне ұйқаса образды құрылған эпитет. Екінші мысалдағы метафоралық эпитет (гу-гу кеңес) адамның көптігін білдірсе, кейінгі мысалдардағы эпитеттер де (зерделі ой, тәтті тіршілік, ескірмейтін, тозбайтын махаббат, бір бұлдыр қуаныш, майда қоңыр дауыс) ауыс мағынада, әрі сәтті, ұтымды қолданылған.

«Қаламы жүйрік, көркем сөз шебері ретінде танылған Т.Әлімқұловтың тұлпарлар тағдырына арналған эпикалық шағын шығармасының бірі – «Қош бол, Абсент!» әңгімесі күні кеше әлемді таңдандырған айтулы тұлпардың ақырында ешкімге керексіз болған, аянышты, қайғылы халін сипаттаумен аяқталады. Соңғы сөйлемінде қаламгер тереңнен философиялық ой қозғайды: жер-жаһандағы жалпы сұлулық атаулының келешек ұрпаққа паш болуын тілейді. Оның көңілінде болашақ дастан сазы күмбірлейді. Абсент пен ақын тілмәш керек етпейтін мұңлы музыка арқылы табысады...Эпитеттің (мұңлы музыка) экспрессиялық қуаты мықты. Терең сезім иірімдерін, мұң мен аянышты қатар қозғайтын, ең бастысы қатыгез тағдыр туғызған трагедия нотасында әңгіменің негізгі түйіні тұр» [9, 80 б.].

Әдетте, соңғы сөйлемдердің қай-қайсысының да мазмұны тақырыппен, шығарма идеясымен тікелей байланысты келеді: «Алай-дүлей соққан қарашаның қара желі мен қара жаңбырына да қарамастан Әсет жатқан бақшаға қарай тас қараңғы қала көшесімен жүгіре басып, қаршадай Әсел «мама», «ма-малап» шырылдап келеді» (Ж. Ерғали. Жетімдік).

Бұл сөйлемдегі қарашаның қара желі, қара жаңбыры, тас қараңғы сөздері семантикасының өзі кейіпкердің қандай жағдайды бастан кешіп келе жатқанынан хабардар етеді. Автор «қара» сөзін бірде эпитет ретінде (қара жаңбыр, қара түн), бірде фразеологиялық тіркесте (тас қараңғы қала көшесі) бірде жетімдіктің зарын кешкен кейіпкердің аянышты халінің символы іспетті қолданады. Оқырман қауымға ерекше психологиялық әсер ететін осы бір эмотивті сөйлемде, бір сәтке көркем әдістерден теңеу, эпитет

қолданылып тұр. «Шырылдап келеді» етістік метафорасы– «жан дүниесімен егіле дауыстап», «жылап келеді» деген мағынаны алмастырады.

Әңгімені қорытатын соңғы сөйлем «шешесіз жетім – шын жетім» мәтелінің шындығын дәлелдеп тұр. Жетімдіктің тауқыметін кешкен қаршадай қыздың жылауын баяндағанда, автор «да» шылауының күшейткіш мәнін де ұтымды ескеріп отыр.

Ал басты кейіпкердің жай-күйін суреттейтін мына сөйлемдегі фонетикалық анафора тұлғасындағы эпитет сөздер (бейбақ, бейуақ) – дыбыстық және ұйқастық жағынан жарасымды жұптасқан келісті сөздер. «Үйіріліп соққан шанды құйыннан теңселіп кеткен бейбақ кемпір бейуақ мезгілде Нұрила үйінің бұрышынан қалбалақтап айнала берді» (Т. Мәмесейіт. Бейбақ пен бейуақ).

Бұл эпитеттер тек сөйлемде ғана жай қолданылып тұрған жоқ, бұлар әңгіме тақырыбындағы сөздер. Демек, жазушы шығармасының неге бұлай аталғанын осы соңғы сөйлемінің мәтінінен де аңғартып отыр.

Сөйлемдегі дара, күрделі анықтауыштар да бейуақ (мезгіл), үйіріліп соққан шанды (құйын), теңселіп кеткен бейбақ (кемпір) мәтін экспрессиясын күшейтіп, көркемдік ренк үстеп және суреттеліп отырған жайдың мәнін тереңдете түсіп тұр. Тағдыр тәлкегіне түскен кейуана – бейбақ кемпірдің бейуақ мезгілде баратын жері, басатын тауы болмай қалған аянышты халін автор осындай суреттемелерімен айқын бейнелеп отыр.

Жалпы, сөйлемдегі әр сөз өз орын дәл тауып, ойды соншалықты нақ жеткізуге қызмет етіп тұр. Сондықтан да бұлар кейіпкердің жай-күйін оқырман қауымның жан дүниесіне, сезіміне елеулі әсер ететін сапа танытады. Шынында да, сөйлем әсерлілігі соншалық, оқып отырғанда: «Ой, бишара-ай, енді қайда барар екен?» – деп аяныш сезім білдірмей қалмаймыз. Келесі мысалдағы төрт сөзі бірдей «к» дыбысының аллитерациясына құрылған соңғы жай сөйлемде құбылту тәсілі етістік фразеологизмімен берілген. «Басы құбылаға қарай қалқайған домбыра әлі қаперсіз жатыр» (Ж. Шаштайұлы. Қоңыр).

Ешнәрсені ойламайтын, бейғам жататын адамға айтылатын «қаперсіз жату» домбыраға телінген. Жазушының әңгіме тақырыбын «Қоңыр» деп қоюының себебі басты кейіпкердің жағдайына байланысты болып тұрғаны шығарма мәтінінен толық аңғарылады. Үйірлі анықтауыштан жасалған образды эпитет («Басы құбылаға қарай қалқайған») көз алдымызға солай жатқан домбыра суретін айнытпай әкеледі.

Қысқа эпикалық жанрдың бастапқы және соңғы сөйлемдерінде көңіл аудартқан тілдік тағы бір бейнелі сөзқолданыс – кейіптеу. «Кейіптеу – қазіргі әдеби туындыларымызды да құбылта, құлпырта қолданылып келе жатқан әдемі тәсіл» [3, 228 б.]. Көркем әдебиетімізде «Жансыз заттарды

адамның іс-әрекетіне телу, тірілту, сөйлету ұлы Абайдан басталса, бүгінгі ақындарымыздың (қаламгерлеріміздің) шығармаларында ол – кең етек алып жүрген бейнелі тілдік амал» [10, 68 б.].

Мысалдар: 1. Жылымықтанған бұлыңғыр дала тылсым сырын ішіне бүгіп, тым-тырыс жатыр (Қ. Сыдықов. Жетім жұрт). 2. Дала түн көрпесін жамылып, дел-сал күйге енген (Д. Сейсенов. Жұлдыздар сөнбейді).

Бірінші мысалдағы дала-ның сырын ішіне бүгіп, адам тәрізді тым-тырыс жатуы алдағы оқиғаның болмысына, мазмұнына сай алынып отыр және оның бұлыңғыр болып сипатталуында мән бар. Екінші мысалда да дала адам тәрізді көрпе жамылады, жай көрпені емес, түн көрпесін жамылады. Басқа да мысалдарды көрейік:

1. Балалар қауымын қуыс үйге сыйдырмай елендетіп, қыз-жігітті сыбырлы-күбірлі серуенге, ауылдан аулаққа сүйрегіштеп күлімкөз көктем келді (Е. Қонарбаев. Көңіл көктемі). 2. Күн көкжиектен көтеріле-ақ ыстық шақыра келді (Б. Шаханұлы. Адам болу оңай ма?).

Белгіленген кейіптеулер сөйлемдерге ерекше әр беріп, оқырманға ойдың бейнелі де көркем қабылдануына қызмет етіп тұр, әсіресе көктемнің күлімкөз болып бейнеленуі, балалар мен қыз-жігіттерді күбірлі серуенге, ауылдан аулаққа сүйрегіштеуі, шілденің жасыл шөптің терін сығып ала бастауы – бәрі де ойға аса сирек оралатын образды кейіптеулер, жансыз құбылыстардың адамдай қимыл иесі болып, оның өзінде де соншалық ерекше іс-әрекет істеуі, сөз жоқ, шебер тілдік образдылық, әр оқырман сезіміне елеулі әсер ететін, экспрессивті бояуы өте ажарлы сөз өрнектері.

Соңғы сөйлемдердегі кейіптеудің жұмсалыуына көз жіберейік. 1. «Ақ көңілге көлеңке түсірмегенің қандай абзал болды!» – дегендей, таудың қоңыр салқын самалы Қасымның дуылдаған бетін өбіп, жанынан жайсыз сезімді жуып-шайып, сейілте бастады (А. Шамкенов. Сурет). 2. Айнала жым-жырт. Тек аласұрған тентек жел ғана: «Мен адамдардың бір-біріне жасаған қастандықтарына күнде куә болып жүрмін» дегендей жайбарақат күйде ысқырып бара жатты (Д. Рамазан. Қызғаныш).

Бұл мысалдарда да салқын самалдың жанды іс-әрекеті; желдің «тентек» болып сипатталуы, ысқыруы, сөйлеуі; көлдің күбірлеуі; айдың сығалауы – бәрі де бейнелі баяндаулар, әсерлі іс-қимылдар.

1. Ақырғы вагонның есігі ашылып жалғыз қара боп Ұстабай түсті. Дәл соны бағып тұрғандай-ақ Арыстанды-Қарабастың желі ішін тартты (Д. Досжан. Арыстанды-Қарабастың желі). 2. Екі күн өткен соң абзал азамат бұ дүниеден біржола көшті. Жастыққа ілінген орден-медальдары да сынғыр-сынғыр етіп, иесімен қоштасып жатты (Н. Қапалбеков. Соғыстың соңғы құрбаны). 3. Жаздың қаракөк аспанына жымың-жымың етіп алғашқы жұлдыздар шыға бастаған екен (Е. Әкімқұлов. Әділет салмағы).

Желдің ішін тартуы, орден-медальдардың иесімен қоштасуы, жұлдыздардың жымындауы, шығуы, сөз жоқ, бұл – сөйлем бойындағы әсерліліктің тарту күшінің құдіреті. Жалпы, сөйлемге сөйлемдік қасиет беретін, оған функциялық қызмет атқартатын, негізінде, оның семантикасы, синтаксистік құрылымы, көркем мәтінде бейнелі, мәнерлі сипаты, яғни оның әсерлілік аталатын болмысы.

Әдетте соңғы сөйлемдер тек мазмұны ғана емес, құрылымы жағынан да автордың не айтқысы келгенін, оны қалай жеткізіп, қалай жинақтағанын да анық аңғартып тұрады: «Қарағайлар – бірі келіп, бірі кетіп жатқан қарақұрым қалың елдің қилы-қилы тағдырына, қызық-қызық шытырман хикаяларына куә. Осынау құтты топыраққа өсіп-өніп, үш қабатты мекен-жаймен бой таластырған зәулім қарағайлар кейінгі жас жұрағаттың кейбір қылықтарын ерсі көрген көне көз қарияларша әлденеге таңғала, таңдай қағып: «Бұл жүрісің қай жүріс? Әй, балам-ай!» деп назаланғандай бастарын шайқап тұрды» (Ә. Ақпанбет. Бас шайқайды қарағайлар).

Қарағайларды көнекөз қарияларға теңеудің үлкен мәні бар, өйткені қарағай, басқа ағаштарға қарағанда, ұзақ өмір сүретін ағаш. Сондықтан да қарияны басқа ағашқа емес, қарағайға теңеуі орынды әрі дыбыстық әуен тұрғысынан да («қария-қарағай») жарасымды және көне көз қарияларға балап отырған қарағайына автор кейіптеу тәсілімен адамша таңдай қақтырып, тіл бітіріп, наз айтқызып, бас шайқатады. Бұл шығарманы аяқтап тұрған мәтіндегі жанды сурет, келісті кесте.

Қорытынды

Автордың көңілдегісін, өзі айтқаннан гөрі «көнекөз қария-қарағайға» айтқызуы, төл сөздегі екпін түсіріле айтылатын лексикалық қайталаулар, ерекше сазбен айтылатын вокатив сөйлем, ондағы -ай демеулік шылауы – бәрі мәнмәтінге тілдік лайықты көрік беріп тұр. Мәнмәтіннің мұндай сипатына «бірі келіп, бірі кетіп» антонимдерінің, «қарақұрым қалың ел» эпитетінің, «қилы-қилы, қызық-қызық, өсіп-өніп» болып қосарланған сөздердің, «құтты топырақ» метафоралық тіркесінің, «ұрпақ, ағайын» сөзін ауыстырып тұрған «жұрағат» сөзінің, ырғаққа, дыбыстық әуезділікке құрылған «таң қалу», «таңдай қағу» фразеологизмдерінің де қатысты екені айдан анық. Сонымен бірге, әдетте поэзиялық шығармаларға тән болып келетін инверсиямен қойылған тақырып атауы да әңгіменің осы соңғы сөйлеміндегі мазмұнынан ашылып тұр. Бұл да соңғы сөйлемдердің қай-қайсының да мазмұны тақырыппен, шығарма идеясымен тікелей байланысты болатынының бір дәлелі.

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Қабдолов, З.** Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы : Мектеп, 1970. – 380 б.
- 2 **Кәрімов, Х.** Қанатты тіл. – Алматы, 1996. – 144 б.
- 3 **Қабдолов, З.** Таңдамалы шығармалар. – Алматы : Жазушы, 1983. – 456 б.
- 4 **Мұхаметқалиева, Г.** Тұрақты эпитеттің тілдік табиғаты : фил. ғылым. канд. дисс. авторефераты. – Алматы, 1995. – 23 б.
- 5 **Әлкебаева, Д.** Эпитеттің стильдік қызметі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2005. – № 3. – 37–41 бб.
- 6 **Сыздық, Р.** Сөз күдіреті. – Алматы : Санат, 1995. – 224 б.
- 7 **Шарабасов, С.** Қазақ әңгімелерінің ашық және жабық үдемелі түрлері // Ізденіс: гуманитарлық ғылымдар сериясы. – 2001. – № 2. – 40–49 бб.
- 8 **Балақаев, М., Қордабаев Т.** Қазіргі қазақ тілі (синтаксис). – Алматы : Мектеп, 1971. – 338 б.
- 9 **Мұқышева, А.** Тұлпар образын кескіндеудегі жазушы шеберлігі // Қазақ тілі мен әдебиеті. – 2005. – № 1. – 75–80 бб.
- 10 **Сыздық, Р., Шалабай, Б., Әділова, А.** Көркем мәтінді лингвистикалық талдау. – Алматы : Ғылым, 2002. – 184 б.

References

- 1 **Kabdolov, Z.** Ádebiet teoriasynyń negizderi. [Fundamentals of literary theory]. – Almaty : Mektep, 1970. – 380 p.
- 2 **Karimov, H.** Qanatty til [Winged language]. – Almaty, 1996. – 144 p.
- 3 **Kabdolov Z.** Tańdamaly shyǵarmalar. [Kabdolov Z. Selected works]. – Almaty : Zhazushy, 1983. – 456 p.
- 4 **Muhametqalieva, G.** Turaqty epitetiń tildik tabıǵaty : Fil. ǵylym. kand. diss. avtoreferaty [The linguistic nature of the permanent epithet : phil. science. cand. diss. abstract]. – Almaty, 1995. – 23 p.
- 5 **Alkebaeva, D.** Epitetiń stildik qyzmeti [Stylistic function of the epithet] Qazaq tili men ádebieti. In [Kazakh language and literature]. – 2005. – № 3. – 37–41 pp.
- 6 **Syzdyk, R.** Sóz qudireti [Power of the word]. – Almaty : Sanat, 1995. – 224 p.
- 7 **Sharabasov, S.** Qazaq áńgimeleriniń ashyq jáne jabyq údemeli túrleri [Open and closed progressive forms of Kazakh stories] In Izdenis: gýmanitarlyq ǵylymdar seriasy [Search : a series of humanities]. – 2001. – № 2. – 40–49 pp.

8 **Balakaev, M., Kordabaev, T.** Qazirgi qazaq tili (sintaksis). [Modern Kazakh language (syntax)]. – Almaty : Mektep, 1971. – 338 p.

9 **Muqysheva, A.** Tulpar obrazyn keskindeýdegi jazýshy sheberligi [Skills of a writer in painting the image of a horse] Qazaq tili men ádebieti. Kazakh language and literature]. – 2005. – № 1. – 75–80 p.

10 **Syzdyq, R., Shalabai, B., Adilova, A.** Kórkem mátinđi lingvisikalыq taldaý [Linguistic analysis of an artistic text]. – Almaty : Science, 2002. – 184 p.

Материал 18.09.20 баспаға түсті.

М. К. Жунусова, Б. М. Айтбаева, А. Ж. Саяжанова

Образно-выразительные средства в начальном и заключительном предложениях жанра рассказа

Карагандинский университет имени академика Е. А. Букетова,

Республика Казахстан, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 18.09.20.

В статье рассматривается, что примененные в образно-выразительном начальном и конечном предложениях текста жанра рассказа, приобретаются из реальности жизни, проводятся особые функции по переносу психологического состояния человека к читателю. Стилистические, семантические функции художественных произведений в начальных и конечных предложениях, которые могут быть ориентированы на понимание семантики рассказа, так как он сразу привлекает внимание читателя. В начальных и конечных предложениях проанализированы конкретные примеры того, что эпитеты и образы широко используются в качестве символизирующего средства, повышающего языковую красоту, мысль и чувства автора нежными пренебрежениями.

Ключевые слова: начальные предложения, последние предложения, эпитет, олицетворение, стилистика, семантика.

М. К. Zhunusova, B. M. Aitbaeva, A. Zh. Sayazhanova

Figurative and expressive means in the initial and final sentences of the story genre

Academician E. A. Buketov Karaganda University,

Republic of Kazakhstan, Karaganda.

Material received on 18.09.20.

The article considers that the story genre used in the figurative and expressive initial and last sentences of the text is acquired from the reality of life, and special functions are performed to transfer the psychological state of a person to the reader. Stylistic, semantic functions of works of art in the initial and last sentences, which can be focused on understanding the semantics of the story, since it immediately attracts the reader's attention. The initial and final sentences analyze specific examples of epithets and images being widely used as a symbolizing tool that enhances the author's linguistic beauty, thought, and feelings with gentle slights.

Keywords: the initial sentence, last sentence, epithet, personification, stylistics, semantics.

Теруге 30.09.2020 ж. жіберілді. Басуға 14.10.2020 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,23 Мб RAM

Шартты баспа табағы 28,8. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3710

Сдано в набор 30.09.2020 г. Подписано в печать 14.10.2020 г.

Электронное издание

2,23 Мб RAM

Усл. печ. л. 28,8. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Елемесқызы

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3710

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университет

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz